



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

15 наурыз 2023 жыл  
Жезказған қаласы

№ 14/02  
город Жезказган

Мектепке дейінгі тәрбие  
мен оқытуға мемлекеттік  
білім беру тапсырысын,  
ата-ана төлемақысының  
мөлшерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 27-бабы 1-тармағының 1-13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына сәйкес, Ұлытау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы мөлшері осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, 1 тармағы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Ұлытау облысының әкімі



Б. Әбдіғалиұлы

қаулысына 1 қосымша

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы**

Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі білім беретін ұйымдардың түрлері			
		Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)			
		10,5 сағаттық режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	9 сағаттық режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	Жарты күн болатын топтары, жалпы білім беретін мектептің жанындағы мектепалды даярлық сыныптары	Түзету үлгісіндегі 10,5 сағаттық топтары
Ауыл	1 152	50 933	46 891	22 310	91 748
Қала	6 702	46 159	42 674	20 202	81 864
Радиация аймағындағы өңірлер үшін					
Ауыл	1 152	52 681	48 445	23 045	95 389
Қала	6 702	47 937	44 228	20 937	85 505

қаулысына 2 қосымша

## Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының түрі	Тәрбиеленушілер саны	Айына бір балаға (1-3 жас) тамақтану үшін ата-ана төлемақының мөлшері (теңге)	Айына бір балаға (3-5 жас) тамақтану үшін ата-ана төлемақының мөлшері (теңге)
Жезқазған қаласы				
1	Балабақша (мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	2 895	18 000	20 000
2	Балабақша (жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар)	264	18 000	20 000
Сәтбаев қаласы				
1	Балабақша (мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	2 845	18 000	20 000
2	Балабақша (жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар)	0	0	0
Қаражал қаласы				
1	Балабақша (мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	698	11 000	12 000
2	Балабақша (жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар)	0	0	0
Жаңаарқа ауданы				
1	Балабақша (мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	560	16 000	18 000
2	Балабақша (жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар)	275	15 000	17 000
Ұлытау ауданы				
1	Балабақша (мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	317	12 000	13 000
2	Балабақша (жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар)	0	0	0